



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1464 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде N 1135

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z990473_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1464 P991464_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 48, 447-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта "Мемлекеттік мекемелер" деген сөздерден кейін "2001 жылдың

1 қаңтарынан бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "ақша" деген сөзден кейін "қабылдау, төлеу және" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер 2001 жылдан бастап мемлекеттік мекемелерді ұстауға жұмсалатын шығыстардың құрамында ақшалай төлемдерді алушылардың жеке шоттарына ақша қабылдау, төлеу және есептеу жөніндегі қызмет көрсетулерге ақы төлеуге қаражат көздесін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК